

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі аға, орта және кіші басшы құрамының погондары бар нысанды киімі (киім-кешегі) туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қазандағы N 1028 Қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.12. N 722 қаулысымен

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің аға, орта және кіші басшы құрамы заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының нысанды киім-кешектің жаңа үлгілеріне көшуі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 қарашадағы N 1390 қаулысымен бекітілген ішкі істер органдарының ішкі қызметіне арналған үлгідегі погондары бар нысанды киіммен (киім-кешекпен) камтамасыз етіледі деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі осы қаулыны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі